

Келісілді  
«№93 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК  
Қамқоршылық кеңес төрағасы  
А. Хамит



**Астана қаласы әкімдігінің «№93 мектеп -лицей» ШЖҚ МКК оқушыларына арналған ішкі тәртіп Ережесі**

**1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ**

- \* Негізгі іс-әрекеті білім беру қызметі болып мектеп оқушыларына арналған ішкі тәртіп ережелері (ары қарай –Мектеп), Қазақстан Республикасының «Білім беру» заңдылығына», білім беру ұйымының Жарғысына, мектеп оқушыларының тәрбие беру саясатына сәйкес жасалған.
- \* Бұл Ереже оқушыларға арналған оқу тәртібін, оқушылардың сыртқы келбеті мен мектеп оқушысының бірыңғай киім үлгісіне қойылатын талапты, оқушылар мен олардың заңды өкілдерінің құқықтары мен міндеттерін анықтайды, ғимараттағы, мектеп аумағындағы, сонымен қатар сабақтан тыс уақыттағы барлық іс-шаралар оқушылар тәртібінің негізгі нормалары мен мінез-құлық ережелерін белгілейді.
- \* Бұл Ереженің мақсаты - мектептегі қоғамдастық мүшелерінің –әкімшіліктің, педагогикалық қызметкерлердің, оқушылардың, олардың заңды өкілдерінің бір-біріне құрмет көрсетуі негізінде оқушылардың жемісті академиялық және әлеуметтік өсуіне жағдай туғызатын қауіпсіз, ыңғайлы оқу ортасын құру.
- \* Бұл Ережені мектеп қоғамдастығының барлық мүшелері- әкімшілік, педагогикалық қызметкерлер, оқушылар, олардың ата-аналары немесе заңды өкілдері және мектептегі басқа да қызметкерлер орындауға міндетті.
- \* Бұл Ереже жалпыға таныстырылу үшін мектептің көрнекті жерлеріне ілінеді, интернет-ресурстарына және мектептің сайттарына салынады.
- \* Мектеп әкімшілігі, мұғалімдер және сынып жетекшілер оқушыларды және олардың заңды өкілдерін бұл Ережемен төмендегідей жағдайларда таныстыруға міндетті:
  - \* ата-аналар мен мектеп жиналыстарында, сынып сағаттарда;
  - \* мектептегі жұмыс және оқу тәртібі.
- \* Мектептің жұмыс тәртібі мектептің директоры бекіткен еңбек тәртібі Ережесімен анықталады. Жұмыс аптасының ұзақтығы – Қазақстан Республикасының еңбек заңдылығына сай.
- \* Мектеп оқушыларының сабақтан кейін, демалыс және мерекелік күндерде оқу үрдісіне байланысты болмаса мектепте жүруіне рұқсат етілмейді.
- \* Оқу сағаттары сабақ кестесіне сай мектеп директорының бекітуімен және жыл бойында директордың оқу ісі орынбасарларының реттеуімен өткізіледі. Мектептердегі академиялық сағаттардың ұзақтығы 45 минут. Сабақ арасындағы үзіліс ұзақтығы 5-15 минуттан кем емес.
- \* Оқу үрдісінің жалпы ұзақтығы, соның ішінде оқу жүктемесінің мөлшері, оқу күндерінің тәртібі білім беру Ережесіне сай реттеледі. Оқу жүктемесі мен оқу күндерінің тәртібі Санитарлық ережелерге құрылған «Балалар мен жасөспірімдерге тәрбие мен білім берудің санитарлық-эпидемиологиялық талаптарынан» аспауы керек.

\* Оқу жылындағы оқу апталары мен демалыстардың нақты мерзімдері Білім басқармасының оқу жылының басталуы туралы бұйрығы бойынша бекітіледі.

\* Оқушылардың сырт келбеті мен бірыңғай мектеп киім үлгісіне қойылатын талаптар /Мектеп формасының үлгісі классикалық стильде болуы қажет. Ұлдардың мектеп формасы: пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады. Кемінде жейде, жилет пен шалбар талап етіледі. Қыздардың мектеп формасы: пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады, юбка ұзындығы тізеден 5 см-ден жоғары емес. Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін (хиджаб, орамал, тұмар, крест т.б.) қосуға болмайды/ сақтау;

\*\* Оқушылардың сыртқы келбеті жалпыға бірдей қоғамдық нормаға сай іскерлік стильде болуы керек және еліктегіш детальдарды қолдануға жол берілмеуі қажет. 1) ұлдар үшін (бозбалаларға) –классикалық қысқа немесе модельді шаш үлгісі; 2) қыздар үшін (бойжеткендерге) - ұзын шаштың жиналуы, орташа ұзындықтағы шаш қыстырғыштарымен қыстырылуы қажет.

\* ҚР оқу-ағарту министрлігінің орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтау.

\* Бірыңғай мектеп киім үлгісін сақтауда тиым салынады: 1) ауыстырып киетін аяқ киім ретінде аяқ киімдердің артқы бөлігі жоқ түрлері (шәркей, «сүйретпе» т.б.), спорттық кедалар, биік өкшелі аяқ киімдерді, діни нанымдарды білдіретін белгілер мен киімдерді (хиджаб, никаб, бурка, паранджа, сикх тюрбандары мен иудей бас киімдерін, «ірі» христиандық крестерді және т.б.) киюге, дене мүшелерін жалаңаштауға (қарын, бел, кеуде); бозбалалардың бұрым өсіруіне, шашты әр түрлі ашық түсті бояулармен бояуға, еліктіретін косметикаға, көз тартатын әшекейлерге, еліткіш пирсингтерге, ашық түсті маникюр жасауға рұқсат етілмейді.

\* Сыртқы пішіні мен бірыңғай мектеп киім үлгісінің талаптарын сақтамаған жағдайда мектеп әкімшілігі, сынып жетекші оқушының сыртқы келбетін қалпына келтіру үшін ата-аналар мен заңды өкілімен жеке-жеке түсіндірме жұмыстарын жүргізу керек

## **1. МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

### **1.1 Оқушылар төмендегідей құқықтарға ие:**

- 1) Мектепте білім беру бағдарламасына сәйкес сапалы білім алуға;
- 2) шеттетуге, соңына түсуге, төмендетуге, мазақ қылуға, қызуқандылыққа жол берілмейтін ынғайлы қауіпсіз ортада оқуға;
- 3) оқу үрдісі, сондай-ақ үлгерімі туралы ақпарат алуға;
- 4) мектептегі оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмысына қатысуға;
- 5) ақпараттық ресурстарды, спорттық, оқырмандық, акт залын, компьютерлік сыныптарды, кітапханадағы оқулықты, оқу-әдістемелік кешендерді және нұсқаулықтарды тегін пайдалануға;
- 6) оқудағы және шығармашылық жетістіктері үшін марапатталуға;
- 7) мектепте өтетін элективті курстар жайлы ақпарат және пәндік таңдауға қатысуға мүмкіндік алуға;
- 8) мектептегі арнайы мамандары тарапынан әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық, медициналық көмек алуға;
- 9) мектептен бірінен екіншісіне белгіленген тәртіппен ауысуға;
- 12) лайықты тәртіп түрімен және тәртіп бұзушылыққа қолданылатын шаралармен танысуға;

## 1.2 ОҚУШЫЛАР МІНДЕТТІ:

- 1) Бұл Ереженің талаптарын сақтауға, Мектеп Жарғысын, мектеп Ережелерін, Педагогикалық кеңестің және мектептегі оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарының шешімін, қауіпсіздік техникасын, өрт қауіпсіздігі ережелерін, әкімшілік пен педагогикалық қызметкерлердің оқу үрдісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы талаптарын орындауға;
- 2) мектепке оның оқу тәртібіне сай келуге және себепсіз сабақ босатпауға;
- 3) мектептің оқу бағдарламасының талаптарына сай білімді, шеберлікті, тәжірибелік дағдыны, қарым-қатынасты меңгеруге;
- 4) мектептердегі академиялық адалдық Ережесін сақтауға;
- 5) мектептегі педагог, оқушы, әкімшілік және қатардағы басқа қызметкерлерге мейірімді де адал болуға;
- 6) ата-анасына, заңды өкілдерге үлгерімі, тәртібі, сабақтан тыс уақытын ұйымдастыру әрекеттері жайлы үнемі хабарлап отыруға;
- 7) Басқа оқушылардың мәртебесі мен тең құқығын құрметтеуге, қысым көретушілік, заң бұзушылық әрекеттерден аулақ болуға;
- 8) мектептің бекіткен бірыңғай мектеп киім үлгісін сақтау, сырт келбетінің талапқа сай болуын қадағалауға. Мектеп бекіткен мектеп формасын (қыздар үшін ақ жейде, кара-көк жакет, кара-көк юбка, бантик тағуға және ұлдар үшін ақ жейде, кара-көк жакет, кара-көк шалбар);
- 9) денсаулығына қамқор болып, өзін-өзі шынықтыру мен рухани жетілдіруге ұмтылуға;
- 10) мектеп мүліктеріне ұқыптылықпен қарап, сақтау; оқулық пен оқу құралдарын, жабдықтарды (музыкалық аспаптарды, техникалық оқу құралдарын) жұмысқа жарамды жағдайда ұстап, жұмыс орнында тазалықты сақтауға;
- 11) мектеп оқушыларының және қызметкерлерінің өмірлеріне қауіп төнетін болса, ол жағдай туралы әкімшілікке, мұғалімге, сынып жетекшісі хабарлауға;

## 2. МЕКТЕПТЕ ОҚУ ҮРДІСІНЕ ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ТУҒЫЗУ МАҚСАТЫНДА ОҚУШЫЛАРҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

- 1) мектепке бейтаныс адамдарды ертіп келуге немесе шақыруға;
- 2) оқуға нақты аталған ережелерде бекітілгендей, іскерлік стильге сай келмейтін лас, үтіктелмеген киіммен келуге, түрлі фанаттық қозғалыстарға, кез келген партияларға, діни ағымдарға және т.б. топтарға жататындықтарын ашық түрде жариялауға;
- 3) мектепте және одан тыс жерде шылымды, ішімдікті (сонымен қатар сыра, джин-тоник және т.б.), еліткіш, уландырғыш, есуастандырғыш заттарды, нормаға сәйкес келмейтін сөздерді қолдануға;
- 4) құмар ойындарды ойнауға, алыпсатарлық тұрғыдағы операцияларды өткізуге;
- 5) қаруды, жарылғыш, пиротехникалық, химиялық, тез тұтанғыш заттарды, темекі бұйымдарын, спирттік ішімдіктерді, есірткіні, улы және уытты заттарды, хайуанаттарды, жәндіктерді және басқа да білім беру үрдісі талаптарына сай келмейтін заттарды әкелуге;
- 6) бағасы 3 АЕК-тен көп тұратын қымбат заттарды (ұялы телефондарды, фото және бейнекамераларды, асыл заттарды, кесек ақшаны және т.б.) әкелуге рұқсат етілмейді. мектеп аталған Ережеде көрсетілген қымбат бағалы заттардың жоғалғаны үшін жауап бермейді.

## 3. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІ

- 1) Оқушылар мектепке сабақтың басталуынан 10-15 минут бұрын, сыртқы келбеті нақты аталған Ереже талаптарына сай таза, үтіктелген мектептің бірыңғай киім үлгісін киіп келеді.
- 2) Оқушылар мектепке кіргеннен кейін сырт киімдерін жеке арнайы шкафтарына қалдырады және қажет болған жағдайда аяқ киім ауыстырады.

## 4. САБАҚТАҒЫ ТӘРТІП:

- 1) оқушы сабақ басталмас бұрын өзінің жұмыс орнын және сынып жұмысына барлық қажетті заттарды даярлап қою тиіс;

2) педагог қызметкері сыныпқа кіргенде оқушылар тұрып амандасады және мұғалім сәлемдесіп, рұқсат бергеннен кейін отырады. Сабақ кезінде сыныпқа кірген кез келген үлкен адаммен оқушылар осылайша амандасады;

3) оқушыларға сабақ уақыты тек оқу мақсаты үшін жұмсалуды тиіс. Сабақ кезінде шулап отыруға, дауыс көтеруге, өзін және өзгені басқа сөздермен, ойындармен және сабаққа еш қатысы жоқ бөгде нәрсемен алаңдатуға болмайды;

4) оқу үдерісіне қатысы жоқ ұялы телефонды және басқа құрылғыларды пайдалануға болмайды. Барлық техникалық құрылғыларды өшіріп, ал ұялы телефонның дыбысын сөндіріп үстелден алып тастау қажет. Оқушы ережені бұзған жағдайда педагогикалық қызметкер сабақ кезінде техникалық құрылғыны алып қоюға құқылы. Осы талаптар бірнеше рет бұзылған жағдайда техникалық құрылғы оқушының заңды өкіліне ғана қайтарылады;

5) сабақ кезінде оқушыларға мұғалімнің рұқсатынсыз сыныптан шығуға болмайды. Қажет болған жағдайда оқушы педагогикалық қызметкерден рұқсат сұрауды тиіс.

6) сабақ аяқталуы туралы қоңырау мұғалім үшін соғылады. Тек мұғалім сабақтың аяқталуы туралы хабарлағаннан кейін ғана оқушыларға сыныптан шығуға рұқсат етіледі.

#### **5. ҮЗІЛІС КЕЗІНДЕГІ ТӘРТІП: ҮЗІЛІС (САБАҚТАР АРАСЫНДАҒЫ УАҚЫТ):**

1) сабақ кестесіне байланысты оқушыларға басқа кабинетке (қажеттілік болғанда) ауысуға;

2) оқушылардың денешынықтыруына және демалуына бағытталған, осы мақсатта оқушыларға дәлізде асықпай жүру ұсынылады;

3) тамақтануға;

4) ұялы телефонмен хабарласуға (қажеттілік болғанда);

5) мектеп кітапханасына баруға арналады;

6) Үзіліс кезінде: өзге адамдардың демалуына кедергі жасауға, қатты сөйлеуге, ұялы телефонмен де дауыс көтеріп сөйлесуге, айқайлауға, шу көтеруге, бірін-бірі итеруге, туындаған мәселені шешу барысында күш қолдануға рұқсат етілмейді.

#### **6. АСХАНАДАҒЫ ТӘРТІП:**

1) мектептің бекітілген жұмыс тәртібі бойынша тамақтану тек арнайы орындарда ғана рұқсат етілген /1-4 сыныптар үшін/;

2) оқушылар жеке бас тазалық ережесін сақтауды тиіс: асханаға сырт киімсіз кіру, тамақтанар алдында қолдарын мұқият жуу;

3) оқушылар мектеп асханасына асықпай, итермелемей, кезекті бұзбай барады, асханада шуламайды;

4) асханада тазалықты сақтау қажет, өзіңнен кейін үстелді жинап, қоқысты тастамау керек;

5) оқушылар буфеттен тамақ алғанда кезекке тұрып, асхана қызметкерлерінің талаптарын орындап, азық-түлікті сатып алу ережесін сақтайды.

#### **7. СЫНЫПТАН ТЫС ШАРАЛАРДЫ ӨТКІЗУ КЕЗІНДЕГІ ТӘРТІП:**

1) Қазақстанда немесе елден тыс мемлекеттерде өткізілетін шараларға оқушылар қатыспас бұрын қауіпсіздік техникасын сақтау бойынша нұсқаулықтан өтуге міндетті;

2) оқушылар жаппай шаралар өткізілу кезінде мұғалімнің, сынып жетекшінің барлық нұсқауын қатал орындауы, жеке өзінің және айналасындағы адамдардың өміріне қауіп төндіретіндей, кез келген әрекеттерден бас тартуы тиіс;

3) оқушылар мектепте және мектептен тыс жерлерде жоғары мәдениет иеленушілері болуы қажет және жергілікті дәстүрлерді, тарихи және мәдени ескерткіштерді құрмет тұтуға міндетті, табиғатқа, жеке және топ мүліктеріне ұқыпты қарауды тиіс;

4) оқушылар тәртіп сақтауды тиіс, бекітілген бағыт бойынша қозғалып, топ жетекшісінің белгілеуімен сол топтың орналасқан жерінде қалу қажет;

5) жеке бас тазалығын қатаң сақтау керек, денсаулығының төмендеуі немесе алған жарақаты туралы топ жетекшісіне дер кезінде хабарлау қажет;

6) ашық түрде от жағуға (алаулар, шырақтар, отшашулар, шартылдақтар, оттар және т.б.), оттың жалындануына себепші болатын химиялық, пиротехникалық және басқа да жарық арқылы берілетін әсерлерді ұйымдастыруға тыйым салынады.

## **8. ОҚУШЫЛАРДЫҢ САБАҚТАН ҚАЛУЫН РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІ**

Сабақтан қалуға дәлелді себептер:

- 1) оқушының сырқаттануы;
- 2) дәрігердің қабылдауына бару (анықтама қағазы);
- 3) отбасы жағдайымен оқу жылында 10 күнге дейін заңды өкілдің жазбаша берілген өтініші және міндетті түрде мектеп директорының келісімі бойынша сабақтан босатылады;
- 4) оқу үдерісі аясында өткізілген пәндік олимпиадаларға, жарыстарға және басқа да шараларға қатысу;
- 5) мектептен тыс ұйымдардың пәндік олимпиадаларға, жарыстарға және басқа да шараларға қатысуы туралы тапсырыс;
- 6) Оқушы сырқаттануына байланысты сабақтан қалған жағдайда, ауырған күні бірден сынып жетекшіге айтып, ал сабаққа келген бірінші күні анықтама әкелуі тиіс;
- 7) Оқушы сабақтан мектептің өткізіп отырған пәндік олимпиадаларына, жарыстарына және басқа да шараларға байланысты қалған жағдайда, сабақтан босатылу туралы мектеп директорының бұйрығы шығарылады;
- 8) Оқушы мектептен тыс ұйымдардың тапсырысы бойынша сабақтан қалған жағдайда төмендегідей тәртіп жүзеге асады: 1) оқушының заңды өкілі мектеп директорының атына жазбаша түрдегі өтінішін береді, оған мектептен тыс ұйымның ресми тапсырысы қоса тіркеледі; 2) заңды өкілдің өтініші негізінде мектеп директорының бұйрығы шығарылады.

## **9. ОҚУШЫЛАРДЫ МАРАПАТТАУ (ЫНТАЛАНДЫРУ)**

- 1) Мектептің оқушылары оқуда жоғары нәтиже көрсеткені үшін, шығармашылық табыс, спортта, қоғам өмірінде белсенділік танытқаны үшін марапатталады.
- 2) Марапат түрлері: 1) алғыс жариялау; 2) құрмет грамотасымен, мадақтау қағазымен марапаттау;
- 3) бұқаралық ақпарат құралдарында марапат туралы мақалалардың басылуы. 4) Мадақтау туралы ұжымға салтанатты жағдайда хабарланады.

## **10. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

Тәртіп бұзушылық әрекетке жататындар

- 1) Сабақ үстінде тәртіп бұзушылық;
- 2) үнемі сабаққа (тоқсанына 3 реттен кешігу);
- 3) мектептен сынып жетекшінің, мектеп әкімшілігінің рұқсатынсыз кетіп қалу;
- 4) Сабаққа, элективті курс пен үйірмелерге, секцияға, клубтарға себепсіз қатыспау;
- 5) Қабылданған бірыңғай мектеп киім үлгісінесай киінбеу, салақ, ұқыпсыз болу;
- 6) Зияткерлік мектептің аумағында, одан тыс жерлерде, ғимарат ішінде мінез-құлық ережесін бұзу;
- 7) мектептің ішінде және оған тиісті аумақта тазалықты сақтамау;
- 8) сабақта, сабақтан тыс сағаттарда оқу үрдісін алаңдататын ұялы байланыс құралын, электронды ойындар мен өзге де құрылғыларды қолдану;
- 9) ерсі сөздер мен базыналық, қалыпты емес лексиканы қолдану;
- 10) Зияткерлік мектеп пен оның оқушылары, жұмысшыларының арын таптайтын материалдар тарату;
- 11) жеке мәліметтерді, фотосуреттер, аудио, бейнежазылымдарды тарату, түсіру, сақтау, оқушылар арасында және өзге адамдармен желісіз құрылғылармен (ИК-порт, Bluetooth, радиожиілік т.б.), сондай-ақ ақылы бұқаралық ақпаратқа, соның ішінде осындай әрекеттен құқығы бұзылатын бүкіләлемдік жаһандық желіде оқушылардың, жұмыскерлердің, мектеп әкімшілігі мен өзге де заңды және жеке тұлғаның алдын ала келісімінсіз ақпарат беру.

- 12) діни көзқарасын таңу және көзін жеткізу, ұлтаралық жауластыруды өршіту, үгіт пен зорлық;
- 13) шылымға, ішімдікке немесе нашақорлыққа деген қандайда бір қатысының барлығы, сабаққа мас, наша шеккен және уланған қалыпта келу;
- 14) қару, жарылғыш зат, пиротехникалық, химиялық, өрт туғызатын заттар, темекі өнімі, спирттік ішімдіктер, наша, уландырғыш заттар мен улар, жануарлар, жәндіктер әкелу;
- 15) мектептің, мектеп қауымдастығы мүшесінің, заңды және жеке тұлғаның мүлкін қасақана бүлдіру;
- 16) мектеп қауымдастығы мүшесіне, өзге де заңды және жеке тұлғаға психологиялық және физикалық зиян шектіру;
- 17) ұрлық, бөгде біреудің, мектеп қауымдастығы мүшесінің, заңды және жеке тұлғаның заттарын рұқсатсыз пайдалану;

## **11. ОҚУШЫНЫҢ АТА-АНАСЫ НЕМЕСЕ ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ МІНДЕТТЕРІ, ҚҰҚЫҒЫ**

### **11.1. ОҚУШЫНЫҢ ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ ҚҰҚЫҒЫ БАР:**

- 1) мектептің оқу үрдісіне, өзін-өзі басқару ұйымының жұмысына қатысуға;
- 2) мектеп жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар білдіруге;
- 3) оқушының үлгерімі, тәртібі және оқу жағдайына байланысты ақпараттар алуға;
- 4) оқушының қызығушылығы мен құқығын қорғауға;
- 5) оқушыны өзге мектепке ауыстыруға;
- 6) келісім негізінде оқушыларға арналған қосымша білім беру қызметтерін алуға;

### **11.2 ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕР МІНДЕТТІ:**

- 1) Осы Ережені сақтауға және Мектеп Жарғысымен, мектеп Ережесімен бекітілген талаптарды орындауға;
- 2) оқушыны тәрбиелеу мен оқыту барысында мектепке колдау көрсетуге;
- 3) оқушыны зиянды әдеттерден сақтай отырып оның денсаулығы мен қауіпсіздігіне қамқорлық жасауға;
- 4) оқушының оқуы мен өміріне қауіпсіз жағдайлар туғызуға, оның интеллектуалды және физиологиялық дамуын, рухани қалыптасуын қамтамасыз етуге;
- 5) оқу аптасындағы оқушының сабақ және пән бойынша күнделікті сабақ кестесін білуге;
- 6) сабақ басталғаннан 10 минут бұрын мерзімде оқушының уақтылы сабаққа келуін қамтамасыз етуге;
- 7) оқушы тарапана сабақ үрдісіне қатысы жоқ бөгде заттардың мектепке әкелінбеуін қадағалауға;
- 8) сабақ кезінде оқушыны ұялы телефон қоңырауларымен мазаламауға;
- 9) оқушы тарапынан мектеп сабақтарына қатысуын қамтамасыз ету, сабақты босату себепті болған жағдайда растаушы құжаттарды ұсынуға. Босатқан күндердегі оқу бағдарламасы материалдарын оқушы тарапынан менгерілуін қадағалауға;
- 10) ата-аналар жиналысына қатысуға және әрбір тоқсан сайын үлгерім табеліне қол қоюға;
- 11) сынып жетекші оқушы жайлы ақпаратты электронды пошта, ұялы телефон арқылы хабарласып алған жағдайда жауап жазу арқылы растауға;
- 12) педагог қызметкерлер және сынып жетекшімен алдын ала келісім бойынша сабақтан тыс уақытта жолығуға;
- 13) міндетті алдын алу шаралары бойынша жүргізілетін егулерден бас тарту жағдайларында мектептің медициналық кабинетіне медициналық немесе алдын алу егулерінен бас тартуды жазбаша ұсынуға;
- 14) мектеп мәртебесі мен дәстүрлерін қолдауға;
- 15) мектеп мұғалімдерінің және басқа да қызметкерлерінің ары мен абыройын құрметтеуге;
- 16) мектепке, мектеп қоғамдастығы мүшелеріне, өзге жеке немесе заңды тұлғаларға оқушы әрекеті салдарынан келген шығындарды өтеуге;

- 17) мектептің аумағына шекаралас орналасқан аумақта жолда жүру ережесін сақтауға;  
18) оқушы тарапынан елеулі немесе ауыр түрде тәртіп бұзушылық жасалса, зардап шегушілерден жазбаша немесе ауызша түрде кешірім сұрауға.

### 13. ДАУЛЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ

Оқушылар өздігінен немесе өздерінің заңды өкілдері арқылы Зияткерлік мектеп әкімшілігіне жүгінуге құқылы;

1) оқу үрдісін жетілдіру, сабақты оқыту сапасы, кітапхананы, асхананы пайдалану тәртібі, медициналық және мектеп қызметтерінің өзге құрылым қызметтері, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оқушылардың мүддесін көздейтін басқа да сұрақтар бойынша өтініш білдіруге;

2) мектеп оқушылары мен қызметкерлеріне шағымдануға.

Оқушылар тарапынан түскен даулы мәселелерді қарастыру оқушы немесе оның заңды өкілінен мәселенің барлық мән-жайы толық және нақты фактілермен бекітілген өтініштің негізінде жүргізіледі.

Жасырын түрде түскен сұраныстар мектеп әкімшілігімен қарастырылмайды.

